



*С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ*

*ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ
(ФИЗИКАЛЫҚ, ЖЫНЫСТЫҚ,
ПСИХОЭМОЦИОНАЛЬДІ, ПСИХО-ӘЛЕУМЕТТІК)*

*Қабылдаған: Абикулова А.Қ.
Орындаған: Қажохмет Құралай
Курс: 5 18-02 топ*

жоспар

- ❖ *Жасөсірімдердің физиологиясы*
- ❖ *Жасөсірімдердің жыныстық дамуы*
- ❖ *Жасөсірімдердің психикасы*
- ❖ *Дәрігер көмегі*



Жасөспірімдердің физикалық дамуы жыныстық ерекшеліктері негізінде сарапталатыны белгілі. Алайда, көптеген зерттеулер нәтижесінде бірдей жасөспірімдер арасында анатомиялық-физиологиялық даму деңгейі бойында 2-3 тіпті 4 жасқа дейінгі айырмашылық болатыны анықталды. Бұл ерекшеліктер дәрігерлер, мұғалімдер мен психологтардың күнделікті жұмыс тәжірибесінде ескеріліп, жастары бірдей жасөспірімдерді оқу немесе спорттық сабақтарда ер баланың оқу тапсырмаларын өз физикалық даму дәрежесіне қарай игеруге мүмкіншілік береді.



Балалардың 11-ден 14 дейінгі жас аралықтары алғашқы жыныстық қалыптасу мезгілдерімен сәйкес келу себебінен, «алғы пубертаттық кезең» деп тануға негіз болды. Бұл шақты басқалай тұрғыда «жасөспірімдік » кезең деп те атайды. Осы жастағы баллардың бойында соншалықты айқын түрде морфологиялық өзгерістер орын алмаса да балалардың дене бітімдері мен қалыптасуларынан алғашқы жыныстық даму белгілері көріне бастайды. Қыз балалардың бойындағы шөлдік майларының қорлануы өзгеріп, кеуде бездерінің айқындала түседі.

Сонымен қатар, қыз балалардың қимыл-қозғалыстарында да ерекшеліктер пайда болып, стереотипы түрде қозғалыстық реакциялар орын алады. Жасөспірімдердің әлеуметтік ортадағы өз орынын сезінуі мен байланыстағы жаңадан мінез-қылықтар пайда бола бастайды. Айналасындағы ересек адамдарға еліктеу арқылы өздерінің есейіп келе жатқандықтарын үнемі дәлелдеуге бағытталған умтылыстары жеке бастарының психологиялық тұрақсыздықтарынан туындайтыны, жан уядағы түсініспеушіліктер мен өз құрбыларымен жиі жанжалдасып қалу қаупі осы кезеңде орын алатын психологиялық қайта қалыптасу құбылыстарына дәлел болады.

Балалардың 13-14-тен 15-16 жасаралығындағы шағы бойдың «пубертаттық секіріс» кезеңмен дәл келіп, қол-аяқ ұзындықтарының өсуімен байланысты бойларының анағұрлым ұзарып, нәтижесінде қимыл-қозғалыстарындағы биомеханикалық өзгерістердің туындауына әкеліп соқтырады.

Бұлшық еттеріндегі ет талшықтарының көлемі ұлғаюы, жасөспірімдердің күші мен жылдамдықтарының артуына себепкер болады. Осыған байланысты биомеханикалық рычаг санатындағы сүйектердің де көлемі мен мығымдығы артады. Жүйке және эндокриндік жүйелерінің ересек адам қалпында реттелуі қалыптасады. Дене кескіндерінен жыныстық белгілері анық танылып, ұлдардың жамбас сүйектері үлкейіп, кеуде өлшемдері ұлғаяды.

Қыз балалардың белдері жіңішкеріп, жамбас бітімдері сомдана түседі. Жасөспірімдердің екінші жыныстық белгілері барынша көзге түсіп, айшықтана береді. Осымен байланыстағы морфологиялық ерекшеліктер де біржола қалыптасып, морфофункционалдық конституциялық турдің пайда болуына негіз болады.






Жыныстық қалыптасу кезеңінің аяғы болып саналатын 15-17 жастағы жасөспірімдердің биологиялық тұрғыда өсіп-жетілу құбылыстары ары қарай өз жалғасын тауып, ер балаларда 25, ал қыз балаларда 21 жасында ағзаның жыныстық немесе биологиялық түр санатындағы дамуы өз биігіне жетеді. Ағзанның даму барысында қалыптасқан осы қуаттылығы 15-20 жыл бойында сақталып, адам баласының «репродуктивті» кезеңін құрайды.

Баланың мектеп табалдырығын аттаған мезеттен пубертаттық кезеңге дейін уақыты 6-7-ден 11-13 жас аралығын қамтиды. Өсу қарқынындағы жекеленген артықшылықтардың көптеп кездесуіне байланысты, осыдан нақты жастық деңгейлерді анықтау мүмкін емес. Жалпы қыз балалардың пубертаттық кезеңге ұлдарға қарағанда 1-1,5 жас ертерек келетіндігі белгілі. Алайда бұл қатып қалған қағида болып қалыптаспауы тиіс. Себебі, жан-жақты адам баласының дамып жетілуіне жайлы кейбір аймақтардағы бұл кезеңнің ұлдар арасында да ертерек байқалуы әбден мүмкін

Пубертаттық кезеңдегі жыныстық даму кезіндегі айырмашылықтар ұлдар мен қыздар арасындағы бой өлшемдері мен салмақ керсеткіштеріндегі айтарлықтай айырмашылықтарға (орташа есеппен 8%) әкеліп соқтырады. Ұлдар мен қыздар арасында қалыптасқан кең иықтылықпен, жалпақ жамбастық түріндегі айырмашылықтар андроген және эстроген гормандарының белсенділіктері себебінен пайда болған өзгерістер. Ұл балалардың сүйек бітімдерінің мығымдылықтары да осы андроген гормондарының белсенділігімен түсіндіріледі.







Сурет 1 – Жасөс пірімдердің бой көрсеткіштеріндегі өзгерістер

Зиянды заттарға еліктеуі және сыртқы ортаның әсері





Жасөсіпiрiм кезеңiндегi ата-ананың маңыздылығы

Қолданылған әдебиеттер:

- 1. Айзенк М. Психология для начинающих. М., 2004
- 2. Айсмонтас Б.Б. Общая психология: Схемы. - М.: Изд-во ВЛАДОС-ПРЕСС, 2002.
- 3. Айсмонтас Б.Б. Общая психология: Тесты. - М.: Изд-во ВЛАДОС-ПРЕСС, 2002.
- 4. Мацумото Д. Психология и культура. СПб., 2002
- 5. Т. Тәжібаев Жалпы психология. Алматы: Қазақ университеті, 1993.